

Ауданның бюджет жобасын қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссиясының тұрақты ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Май аудандық әкімдігінің 2003 жылғы 9 желтоқсандағы N 189/15 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 23 желтоқсанда N 2171 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 28 ақпандағы N 63/2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 28.02.2012 N 63/2 қаулысымен.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік басқару органдардың ұстау шығындарын белгілеу мақсатында және Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі "Бюджеттік жүйе туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 17 тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауданның бюджет жобасын қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссия құрылып, заңнамаға сәйкес құрамы аудандық мәслихатқа бекітуіне ұсынылсын.

2. Ауданның бюджет жобасын қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссиясының тұрақты ережесі бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Закирьяновқа жүктеледі.

Аудан әкімі Т. Мүбәраков

А у д а н ә к і м д і г і н і н ж е л т о қ с а н д а ж е л т о қ с а н д а ж е л т о қ с а н д а ж е л т о қ с а н д а
2 0 0 3 ж ы л ғ ы " 9 " ж е л т о қ с а н д а ж е л т о қ с а н д а ж е л т о қ с а н д а ж е л т о қ с а н д а
" А у д а н н ы ң б ю д ж е т ж о б а с ы н ж о б а с ы н ж о б а с ы н ж о б а с ы н
қ а л ы п т а с т ы р у ж ө н і н д е г і ж ө н і н д е г і ж ө н і н д е г і ж ө н і н д е г і
б ю д ж е т т і к к о м и с с и я с ы н ы ң к о м и с с и я с ы н ы ң к о м и с с и я с ы н ы ң к о м и с с и я с ы н ы ң
т ұ р а қ т ы е р е ж е с і н б е к і т у б е к і т у б е к і т у б е к і т у
N 189/15 қаулысымен бекітілді

Ауданның бюджет жобасын қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссиясының тұрақты ЕРЕЖЕСІ 1. Жалпы ережелер

1. Аудан бюджет жобасын қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссия (бұдан әрі - бюджеттік комиссия) консультативтік-кеңестік орган болып табылады.

2. Комиссия қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының

Конституциясы, тағы да басқадай заңды, нормативтік құқықтық актілер және осы Ереже құрайды.

2. Комиссияның негізгі мақсаты

3. Комиссияның қызметінің негізгі мақсаты жергілікті бюджет жобасының тиісті қаржылық жылға уақытты және сапалы әзірлеуін қамтамасыз ету және жергілікті бюджеттің бекітулі мен орындалуы жөніндегі ұсыныстар жасау болып табылады.

3. Комиссияның негізгі міндеттері мен қызметтері

4. Негізгі міндеттері:

- 1) жергілікті бюджет жобасының көрсеткіштерін тиісті қаржылық жылға қарау және анықтау;
- 2) аудан бюджетінің орындалу анализін жасау;
- 3) жергілікті бюджеттің тиісті қаржылық жылға бекітілуі жөнінде ұсыныс жасау;

5. Мынадай қызметтерді іске асырады:

- 1) алдағы үш жылдық мерзімге жергілікті бюджеттің болжамдық көрсеткіштері;
- 2) жергілікті бюджет түсімдері;
- 3) жергілікті бюджет тапшылығы;
- 4) ағымдағы қаржылық жылдың басындағы жағдай бойынша жергілікті бюджет бағдарламалары жөніндегі жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің жоспарлы қаржылық жылдағы кредиторлық қарызын жою көлемі;
- 5) аудандық бюджет бағдарламаларының әкімгерлерінің бюджеттік тапсырысы жөніндегі комиссияның жұмысшы органының қорытындыларын шығарады;

4. Бюджеттік комиссияның өкілеттігі

6. Бюджеттік комиссия өкілеті:

- 1) өзіне қажеті ақпаратты бюджеттік бағдарламалар әкімгерлерінен, басқару органдарынан өз құзырына енетін сұрақтар бойынша басқадай органдардан сұрауға;
- 2) комиссияның міндетін іске асыру жөнінде жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдармен жұмыс жасауға;
- 3) комиссияның жұмысын іске асыру жөнінде, жергілікті атқарушы және

мемлекеттік органдардың басшыларын, комиссия мәжілісіне шақыру және оларды тыңдау;

4) заңнамаларда белгіленген тәртіптерге сәйкес өз өкілеттігіне қарай 7 басқадай іс шараларды өткізуге.

5. Комиссияның құрамын және қызметін ұйымдастыру

7. Комиссияның құрамы:

1) комиссия төрағасы;

2) комиссия төрағасының орынбасары;

3) комиссияның жұмысшы органы аудандық қаржы бөлімі болып табылады;

8. Жоспар-кіріспе жұмысын комиссия белгілейді.

9. Комиссия мүшелерінің көпшілігі қатысса, шешім қабылданған болып саналады. Комиссия мүшелері шешім қабылдаған кезде бір дауысқа ие болады.

10. Комиссия шешімі ашық дауыс берумен қабылданады. Шешім хаттамамен рәсімделеді.